

**Е.Ш. Ақымбек** 

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: [eraly\\_a@mail.ru](mailto:eraly_a@mail.ru)

## ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ҚАСТЕК ЖӘНЕ ЫРҒАЙТЫ АСУЛАРЫ

Мақалада ежелгі және орта ғасырлардағы керуен жолдарының күрделі әрі қауіпті бөліктеріне жататын Қастек және Ырғайты асулары қарастырылады. Тянь-Шаньның (Тәңір таудың) сілемдеріндегі Қастек пен Жетіжол тау жотасы аралығында Қастек асуы және Жетіжол мен Атжайлау таулары арасында Ырғайты асуы жатыр. Керуендер немесе көші-қон Қастек асуы арқылы Шу өңірінен Іле алқабына қарай өтсе, Ырғайты асуы арқылы Шу өңірінен Шу-Іле тауын жағалап, Балқаштың батыс жағынан шыққан. Осы аталған аймақтағы таулар мен асулардың жазба деректерде кездесетін атаулары және олардың этимологиясы тереңірек талқыланады. Жазба деректерде кездесетін «Кара-Касмак», «Арджату», «Урун-Ардж» атауларының шығу төркініне талдау жасалады. Сонымен қатар ежелде осы аумақты мекендеген үйсін тайпаларының жазба деректерде кездесетін «uosuәп», «oswәп», «асиен», «у-суни = асиан», «усун» («usun») атауларының мағынасына шолу жасалады. Автордың соңғы жылдары осы аймаққа жүргізген археологиялық барлау-іздігі жұмыстары негізінде анықталған мәліметтер сараптала отырып, Қастек және Ырғайты асуларына жаңа деректер тұрғысынан талдау жүргізіледі. Автор ежелгі керуен жолдары мен оның бойындағы ортағасырлық ескерткіштердің зерттелу тарихына шолу жасап, кейінгі жылдары ашылған археологиялық ескерткіштердің топографиялық орналасуындағы ерекшеліктерді көрсетеді. Мақала барысында, керуен жолдары өткен асулардың атауы этимологиялық тұрғыдан қайта қарастырылады және жазба деректерге сүйене отырып, «Үйсін Алатауы» және «Үйсін асуы» деген атаулар ұсынылады.

**Түйін сөздер:** орта ғасыр, керуен жолы, Тянь-Шань тауы, Қастек және Ырғайты асуы, Кара-Касмак, Арджату, Урун-Ардж, үйсін, асман, аспан, қыстық.

Ye. Akymbek

H. Margulan Institute of Archaeology, Kazakhstan, Almaty  
e-mail: [eraly\\_a@mail.ru](mailto:eraly_a@mail.ru)

### **Kastek and Rgayty passes in written sources**

The article talk about the mountain passes of Kastek and Yrgayty, related to the complex and dangerous parts of the caravan roads of the Antiquity and the Middle Ages. Between Kastek and Zhetizhol Ridges in the spurs of Tien Shan (Khan Tengri Mountains) is Kastek Pass and Rgaiti Pass between Zhetizhol and Atzhailau Mountains. Caravan or migration paths passed through the Kastek Pass from the Shu region to the Ily Valley, through the Rgayty Pass from the Shu region along the Shu-Ili mountain, and overlook the western end of Balkhash Lake. The names of mountains and passes in this region, found in written sources, and their etymology are discussed in more detail. The origin of the names "Kara-Kasmak," "Arjatu," "Urun-Arj," found in written sources, is analyzed. An overview is also given of the meaning of the names of the Uisun tribes that inhabited this territory in ancient times, "Uosuәp," "Oswan," "Asien," "U-suni = Asian," "Usun" ("Wusun"), found in written sources. The data identified on the basis of archaeological exploration work conducted by the author in recent years in this region are analyzed in terms of new data on the Kastek and Rgaity passes. The author gives an overview of the history of studying ancient caravan roads and medieval monuments along with them, and shows the features of the topographic location of archaeological sites discovered in recent years. During the article, the names of the passes through which the caravan routes passed are etymologically revised, and the names "Usun Alatau" and "Usun Pass" are proposed on the basis of written data.

**Key words:** Middle Ages, caravan route, Tien Shan Mountain, passes of Kastek and Rgayty, Kara-Kasmak, Arjatu, Urun-Arj, Usun, Asman, Aspan, Kyostik.

Е.Ш. Ақымбек

Институт археологии им. Х. Маргулана, Казахстан, г. Алматы  
e-mail: eraly\_a@mail.ru**Перевалы Кастек и Ргайты в письменных источниках**

В статье речь пойдет о перевалах Кастек и Ыргайты, относящихся к сложным и опасным участкам караванных дорог древности и средних веков. Между хребтом Кастек и Жетижол в отрогах Тянь-Шаня (горы Хан Тенгри) находятся перевалы Кастек и Ргайты между горами Жетижол и Атжайлау. Караванные и миграционные пути проходили через перевал Кастек из Шуского региона в Илийскую долину, через перевал Ргайты из Шуского региона вдоль горы Шу-Илийский и выходили на западную оконечность озера Балхаш. Более подробно рассматриваются названия гор и перевалов в данном регионе, встречающиеся в письменных источниках, и их этимология. Анализируется происхождение названий «Кара-Касмак», «Арджату», «Урун-Ардж», встречающихся в письменных источниках. Также дается обзор значения названий уйсунских племен, населявших эту территорию в древности, «wosun», «oswan», «асиен», «у-суни = асиан», «усун» («Wusun»), встречающихся в письменных источниках. Данные, выявленные на основе археологических разведочно-поисковых работ, проведенных автором в последние годы в данном регионе, анализируются с точки зрения новых данных на перевалы Кастек и Ргайты. Автор дает обзор истории изучения древних караванных дорог и средневековых памятников вдоль них, показывает особенности топографического расположения археологических памятников, открытых в последние годы. В ходе статьи этимологически пересматриваются названия перевалов, через которые проходили караванные пути, и на основании письменных данных предлагаются названия «Усунский Алатау» и «Усунский перевал».

**Ключевые слова:** средневековье, караванный путь, гора Тянь-Шань, перевалы Кастек и Ргайты, Кара-Касмак, Арджату, Урун-Ардж, усунь, асман, аспан, кыстык.

**Кіріспе**

Ежелгі және орта ғасырларда жолдар, нақтырақ айтсақ сауда немесе керуен жолдары, тіпті көші-қон жолдарының барлығы жер бедері мен табиғи жағдайға қарай анықталған. Ежелгі және орта ғасырлардағы қоныстық ескерткіштердің өзі де топографиялық жағдайға орай орналасқандығын байқауға болады. Ежелден көптеген қалалар мен қоныстар табиғи ландшафтыда ыңғайлы жерлерге қоныстанып қана қоймай, сауда-керуен жолдарының бойында орналасқандығын жай көзбен қарап-ақ көруге болады. Ол өңірлерде бірінші қоныс немесе қала, әлде керуен жолы пайда болды ма? деген сұраққа жауап беру өте күрделі мәселе.

Керуен немесе көші-қон жолдарының қиын тұстары таулар мен шөлді аймақтар болғандығы белгілі. Таулы жерлердің аласа тұстары мен екі жағындағы шатқалдардың бір-біріне өте жақын келетіндерін таңдаса, ал шөлейтті жерлерде су көздері мен елді мекендерге жақын өтетін сүрлеулермен өткендігі анық. Таулардан өтетін жолдардың тек табиғи оңтайлы тұстары ғана емес, оның табиғи және адами қауіпсіздік жағын да қатты ескерген. Сондықтан да, асулардан асатын шатқалдардың аузында ескерткіштердің кездесуі соны аңғартады.

Ежелгі дәуір мен орта ғасырларда таулардан асу көп жағдайда қиындық туғызған. Ол жерлерден керуен жолдары өтетін болса, ол тіпті қиын болған. Сонысына қарамай, тауларды сол заманның өзінде зерделеп, өтуге ыңғайлы шатқалдарды таңдауға тырысқан. Кейбір таулардағы асулар осы күнге дейін сол бұрынғы, яғни ежелгі және орта ғасырлардағы орнын сақтап келсе, кейде керісінше, бағытын бірнеше рет өзгерткендігі байқалады. Сондай керуен жолдарының бағытында үлкен рөл ойнаған асуларға Тянь-Шань тауларының сілемдері болып табылатын Қастек пен Жетижол тау жотасы аралығындағы Қастек асуы және Жетижол мен Атжайлау таулары арасындағы Ыргайты асуы жатады (1-карта). Жетижол деп аты айтып тұрғандай, қазақта «жеті» деген ұғым, кейде «көп» деген мағынада айтылады. Соған қарағанда, Жетижол жотасында бірнеше асулардың, яки жолдардың болғандығын атауының өзі анықтап тұр (Койчубаев, 1974: 102). Аталған асулардан тек керуендер ғана емес, көші-қон және жаугершілік уақытта әскерилер де өткен. Жалпы, керуен жолдарымен көптеген тауарлармен қатар, білім-ғылым мен мәдениет бірге жүріп, халықтардың бір-бірімен мәдени байланысын жақындастырғаны анық (Вайраков, 1997: 61-66).



1-карта – Қазақстан картасы. Ортағасырлық асулар орналасқан аймақ қызыл түспен белгіленген

### Материалдар мен әдістер

Keң дала кеңістігімізді жүріп өту үшін оңтүстігіміз бен шығысымызда орналасқан көрші елдерден шыққан керуендер Тянь-Шаньның тау сілемдері арқылы өтетіні анық. Жүргізілген зерттеулерге көңіл аударсақ, оңтүстіктен және шығыстан келген керуендер бір-бірімен Шу өңірінде тоғысып, Одан ары, Шу-Іле тауы мен Жетіжол тау жотасындағы асулар арқылы Жетісуға немесе Балқаштың батыс жағына қарай кеткен. Жазба деректердегі мәліметтерге сүйенсек, Шу өңірі мен Іле алқабын немесе Жетісу жерін көпір іспетті жалғап жатқан асулардың барын көруге болады. Асулары бар бұл тау жоталары әр дәуірде әр түрлі аталғаны анық. Тіпті, жекелеген бөліктері де әр түрлі аталып келеді. Мысалы: Шу-Іле таулары мен Жетіжол тау жотасының аралығын, бүгінде жергілікті халық «Қордай» тауы деп атайды.

Жетіжол жотасының орта ғасырларда қалай аталғандығы туралы нақты мәліметтер жоқтың қасы. Тек қытай жазба деректерінде осы аймақтағы таудың атауы кездеседі. Деректе Суйаб өзені, оның солтүстігінде 40 лиде Кетен тауының бары, мұнда он ру қағаны билеушілер мен ақсақалдарды бекітіп отыратындығы айтылады (Зуев, 2002: 273, Зуев, 1960: 94). Ю.А. Зуев осы еңбектерінде Кетен тауының қытайша атауын «Цзедань» деп береді.

X ғ. парсы тіліндегі белгісіз автордың «Худуд ал-Алам» атты географиялық трактатында Урун-Ардж тауы айтылады. Онда Нункет қаласы Урун-Ардж тауының маңында орналасқандығы, оның бұрын қала болғандығы, бірақ ол қирап, ұрылардың панасына айналғандығы жазылған (Материалы..., 1973: 42).

XI ғ. парсы географы, әрі тарихшысы Гардизидің «Зайн аль-ахбар» атты шығармасында қызықты мәліметтер кездеседі. Ол түріктер тауға табынады, осы тауға ант береді және олар былай дейді: «бұл құдіретті күштің (құдайдың) орны» – Алла бізді олардың айтқандарынан құтқарсын. Егер сіз осы асудан өтсеңіз, онда сол жақта түргештер – тухсийлар және азийлар аймағы бар деп жазады (Волин, 1949: 183). Мәтінде Хан Тәңірі тауын айтып тұрғаны белгілі, бірақ қай асу екені белгісіз. Дегенмен, Хан Тәңірі тауының батыс жағы түргештердің иелігінде болғаны анық.

Орта ғасырлардағы басқа да жазба деректерге сүйенсек, Ыстық көл маңындағы таулардың бірін «Көктөбе» деп атағандығы белгілі (Бартольд, 1963: 82). Мұнда «көк» деп атағанына қарағанда, басын мәңгілік мұз басқан тауды немесе көк аспанмен таласқан тауды айтып тұр. Сонымен бірге, түркі халықтарында «көк», кейде «көк тәңірі» деген ұғыммен қатар келеді. Қай жағынан алып қарасақ та, ол осы күнге дейін жергілікті түркі тілдес халықтар қасиетті санап

келген «Хан Тәңірі» тауын айтып тұрған болуы мүмкін.

1375 жылы Әмір Темір Байтақтан Қара-Қасмақ (Қастек) асуы арқылы Атбашқа, одан Арпа аңғарына келіп, той тойлап, Ясы (Джасы) асуы арқылы Үзгенде қайтып келгендігі туралы мәліметтер кездеседі (Бартольд, 1963: 81). Осы «Қара Қасмақ» М.Х. Дулатидың еңбегінде кездеседі. Онда Әмірзада өз жаушысын хазірет Сахибқыранға жіберіп, оған болған жайды жеткізгендігі, Хазірет тағы да 53 күн сол жерде (Пайтақта) аялдап, қуанышты хабарды естіген соң, ол жерден көшіп Қара Қасмаққа (Қара Қастекке) келгендігі айтылады (Дулати, 2003: 78). Осы «Қарақастек» сөзін Е. Койчубаев көне түрік сөзі «қара» және «қастек» этнонимінен, яғни қазақтың «қарақыстық» руының атауынан шығарады (Койчубаев, 1978: 120-121). Қазақ шежіресін зерттеген Н.А. Аристовта Албанның екі баласы: Шыбыл мен Сарыны жазылған. Сарыдан Айт, одан Қыстықты таратады (Аристов, 1895: 7). Албанның ішіндегі Қара Қыстық руы 1868 жылғы 12 қаңтардағы мәлімет бойынша Сөгеті болыстығында тұрған. Онда Сөгеті болыстығында Қара Қыстықтың Тоқал бөлімі 201 түтін болған (ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 10-іс, 4-п.). Дегенмен, Қара Қасмақ немесе Қара Қастек атауы Қара Қыстық руының атауынан шықпаған. Себебі, жазба деректе кездесетін атауы – Қара Қасмақ. Бүгінде Қара Қастек деп Қастектің төменгі жағындағы ауылды атайды. Жазба деректерде сонымен қатар, тағы да басқа асудың атауы кездеседі.

1390 жылы Әмір Темір әскері Ертіске қашқан Қамар ад-диннің соңына түседі. Ташкенттен шыққан әскер Ыстық көлге, ол жерден Көктөбе тауы және Арджату тау асуы арқылы Алмалыққа (қазіргі Алматы), Іле мен Қаратал өзендері және Ични-Бучни мен Укер-Китчи жазықтығы арқылы Ертіске барған (Бартольд, 1963: 83).

Мұндағы «Арджатуды» В.В. Бартольд ескертпесінде «Аршату» (сөзбе-сөз «Жылы бұлақ орны») деп береді (Бартольд, 1963: 83).

Бұл асуды бірқатар зерттеушілер Қастек асуымен теңестіріп, орта ғасырлардағы жазба деректерде кездесетін Урун-Ардж және Арджату атауларымен баламаласа, ал, Цзедань мен Көктөбе тауларын Іле Алатауының батыс бөлігімен сәйкестендіреді (Байпаков, Савельева, Чанг, 2005, с. 14). Сонымен қатар «урун» деген сөзді «ұзын» сөзімен теңестіреді (Байпаков Савельева, Чанг, 2002: 14). В.Д. Горячева «Урунг-Ардж» сөзі «Ұзын ағаш» дегенді білдіреді деп, Урун-Ардж қаласын Ұзынағаш

топонимімен байланыстырады (Горячева, 1988: 108). Келесі бір зерттеушілер Урунг-Ардж қаласын керуен сарай негізінде қалыптасқан, X-XIII ғғ. мерзімделетін Қарақастек (Қастек) қаласымен баламалайды (Байпаков, Савельева, Каматдинов, 2020: 29). М.Х. Дулати еңбегінде Хотандарияның бір сағасы Урунг-Қаш деп аталатынын жазады (Дулати, 2003: 326). Жалпы, «урун» немесе «урунг» деген атаудың «ұзын» сөзіне қаншалықты жақын екендігін анықтау қиын. Егер араб әліпбиіндегі «و» және «و» әріптерінің бір-бірінен тек үстіндегі нүктесі арқылы ғана ажыратылатынын ескерсек, онда «ұзын» мағынасын да беруі мүмкін. Е. Койчубаев Ұзынағашты «ұзын ағаш» емес, жергілікті аға буын тұрғындарының айтуы бойынша «ұзын ағыс» сөзінен шыққан деп тұжырымдайды (Койчубаев, 1974: 229). Олай болса, «арт» сөзі «асу» (Конкобаев, 1980: 171) деген мағынаны береді. Ол жекелеген топонимдер құрамында да кездесе береді.

Зерттеушілердің басым бөлігі «ардж» сөзін жазба деректерде кездесетін «арт» сөзімен байланыстырады. Махмұд Қашқари еңбегіндегі «арт» (تجرا) – «тау өткелі» («горный проход») деп түсіндіріледі (Кашгари, 2005: 81). Яғни, «асу» деген мағынаны білдіріп тұр. «Д» және «т» әріптерінің айтылуы ұқсас болғанымен, олардың арабша жазылуында айырмашылықтар бар.

«Арджату» және «Алмату» атауларының соңындағы «-ту» морфемалары бірдей. Алмату атауы (кейбір деректерде Алматаг) XIII ғ. соңғы ширегінен бастап кездеседі (Мадиева, Супрун, Борибаева, 2019: 143). 1979 жылы ҚазКСР-і Археологиялық музейіне Алматы қаласының бір тұрғыны арабша жазуының қалдығы бар XIII ғ. соңына жататын, сырты шағатайлық дирхемге ұқсайтын екі күміс монетаны В.Н. Настичке көрсетеді. Монеталар сол кездегі Алматы шекара училищесі аумағындағы жер қазу жұмыстары барысында табылғандығын айтады. В.Н. Настич монетаның артқы бетінен осы дирхемнің шекілген орнын «Балад Алмату» деп оқиды (Кастич, 2000: 260). «Алмату» деген қала болғандығы туралы мәліметтер Захириддин Мухаммед Бабурдың (1483–1530) еңбегінде кездеседі (Захираддин, 2011: 12). «Алматау» деген атпен Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499–1551) еңбегінде аталады (Дулати, 2003: 203).

Е. Койчубаев Алматы-Алмату сөздерінің этимологиясын қонысқа емес, Алмату тауына «алма тауы» жатқызады. Мұндағы «-ту» морфемасын түркі тілді халықтарда әртүрлі фонетикалық рәсімделумен: таг~тав, тау, тоо,

тив және т.б. болып кездесетін «тау» сөзінің түрленген түрі деп есептейді (Койчубаев, 1974: 32-33).

Олай болса, «Арджату» атауы «Арджа тауы» деген мағынаны беріп тұр. Сөз ұйқасына қарағанда «Арша тауы» дегенге келеді. М.Х. Дулатидің еңбегінде кездесетін «Аршалы» деген жерді, соңындағы ескертпесінде «Аршалы (Арғашлар) – Шарын өзенінің бойындағы елді мекен» – деп береді (Дулати, 2003: 77).

Жоғарыда келтірген мәліметтерге тоқталсақ, «урун» – «ұзын»; «ардж», «арт» – «асу»; «-ту» – «тау» болып шығады. Сөзбе-сөз айтсақ, «ұзын тау», «асу тау» болады. Қастек асуы, шын мәнінде біршама ұзақ жол. Бірақ қазақ тілінде, «ұзын асу» деген ұғым кездеспейді. Оның орнына «биік асу», «қиын асу» деген ұғымдар бар. Ұзынтау деп бүгінде Іле өзенінің жоғарғы ағысымен шектелген Тянь-Шаньның солтүстік доғаларының шығыс шетіндегі тауды атайды (Койчубаев, 1974: 223).

«Алма тауы» немесе «Ұзын тауы» Тянь-Шаньның үлкен тау жоталары. Алматы Алатаудың етегінде орналасқан. Алатаудың созылып жатқан жоталарының белгілі бір аумақтық атаулары да бар: Жоңғар, Жетісу, Іле, Қырғыз, Талас және т.б. Сонымен қатар, деректерде Үйсін Алатауы дегенде кездеседі.

А.И. Левшиннің еңбегінде Алтай жотасының оңтүстік-шығыс бөлігінің құрамы туралы мәліметтердің жоқтығы жазылған. Сонымен қатар, Балқаш көлінен солтүстік-шығысқа қарай Қытай иелігіне өтетін Ала қарлы таулары немесе Усюн Алатауы туралы нақты ештеңе айта алмайтындығын жазып кеткен (Левшин, 1996: 48). Мұнда А.И. Левшин Алатауды «Үйсін Алатауы» деп атап тұрғандығы анық.

Жалпы, біздің заманымызға дейінгі тарихымызда ерекше орын алатын үйсіндердің шекарасы батысында Шу-Талас өңірлері, Қаратаудың шығыс беткейлеріне дейін созылып жатқан. Орталығы – Іле аңғары, ордасы – «Қызыл Аңғар қаласы», оны Ыстық көл мен Іле өзенінің оңтүстік жағалауы аралығына орналастырады (Қазақстан тарихы..., 1996: 248). Ю.А. Зуев б.з.д. II ғ. усуньдер Қырғызстандағы Талас бассейнінен шығысында Алтайға дейінгі алып аумақта алып жатып (Зуев, 1960: 5), усунь гуньмосының астанасы Чигу қаласы Ыстық көлдің оңтүстік жағасында орналасты (Зуев, 1957: 65) деп берсе, олардың орналасқан және усунь атауы туралы мынандай мәліметтерді келтіреді: «Лю-Хунь мен куян арасында, Аньдин мен Пинлянда (қазіргі Пинлян және Гуюань), «уши ұрпағы»

(uo-si) болды, оның атауынан *ушин*, *усунь* формасын көру қиын емес. Ежелгі қытайлар шетелдік атауларды беру кезінде олардың транскрипциясына белгілі бір мағына берді. Мұнда у-шидің транскрипциясы «қарғаның ұрпағы» мағынасын береді, бұл у-сунь – «қарғаның ұрпағы» мағынасына ұқсас. Үйсін термині (уй-сун, уйшин, ушун, уйсын, усун және т.б.) әлі күнге дейін шешілмеген, сондықтан оның нақты мағынасы құпия болып қала береді. Бірақ ежелгі үйсіндерде рулық тотем ретінде қарғаның болуы сөзсіз. Үйсіндердің аңыздары бойынша олардың ата-бабалары қарғалар мен қасқыр болған. Бұл факт үйсін – ашина (ошин) таңбасында көрініс тапқан, онда қарғалар да бейнеленген» (ауд.: А.Е.) (Зуев, 1960: 14).

«У-ши» терминінің мағынасы «қарға ұрпақтары» деген мағына берсе, «у-сун» деп аталатын екі иероглифі ежелгі қытай тілінде «а-сман», яғни «асман», «аспан» деп жорамалданады. Мұны усун гуньмосына қалыңдық етіп берген қытай ханшасының елін сағынып жүріп жазған хатындағы жолдар: «... Аспан Еліне... күйеуге берді» деген сөздер дәлелдей түседі (Қазақстан тарихы..., 1996: 248-249).

Қазақтар «аспанмен таласқан таулар» деп биік тау шыңдарын айтып, тауды кейде аспанмен теңестіріп жатады. Дегенмен, үйсін елі биік таулы елде қоныстанғандығы анық. Егер үйсіндердің алып жатқан аумағын алып қарасақ, Алатау (Тянь-Шань) тауы мен оның сілемдері мен жоталарын ала ауқымды аймақты қоныстанған.

Дегенмен, «үйсін» этнонимін бірқатар ғалымдар қарастырған. В.Г. Гафуров «усунь» этнонимі орта заман қытай тілінде «uosuən», ал көне қытай тілінде «oswəp» деп айтылуы мүмкін деп жазады [Гафуров, 1972: 131]. Т. Омарбеков қытай деректерін тәржімалаушы зерттеушілердің еңбектеріндегі үйсін атауының бірнеше нұсқасын береді: «Үйсін, арғы замандағы дыбысталуы: асуын (Дұң Тұңхы), өсүн (Бернхард Карлгрен), ағсүн (Жоу Фагау), асуын (Го Шилян); Тұрпан тексттерінде: үйсін, асиен деп жазылған; кейінгі кездегі оқылуы: усүн» (Омарбеков, 2017: 14). Кейбір зерттеушілер үйсіндерді, яғни «у-суни = асиан» деп теңестіреді (Умняков, 1940: 186). А.Н. Бернштам өзінің мақаласында тохар тілінде қолданылатын «кушан»/«кусан» нұсқалары «усун» (usun) этнонимінің фонетикалық нұсқалары болып табылады деп тұжырымдайды [Бернштам, 1947: 44]. Т.Ж. Жанузаков «үйсін» этнонимі туралы қызықты мәліметтерді келтіреді. «Үйсін» екі жеке компоненттен «үй/

ой» және «сын (сін)» тұрады. Монғол және бурят тілдерінде «ой» сөзі «орман», «тоғай» дегенді білдіреді. Екінші компонент «сын<сін» сөзін аффикс емес, жеке сөз ретінде, яғни түрік-моңғол және тунгус-маньчжур тілдеріндегі «зон» сөзі «халық» деп пайымдайды. Олай болса, ғалым «үйсін» («ойсын») этнонимін «орман халқы», «орман адамдары» деп тұжырымдап тұр [Жанузаков: 19-20].

Үйсін атауы Х ғ. жазба деректердің бетінде кездеседі. «Ляоши» – император Тайцзун жылнамасының 938 ж. жазбасында тугухунь, усунь және мохэ туралы айтылады. Император Ляо тұсында тоғыз үйсін бірлестігі болған (Кюнер, 1961: 97; Байпаков, 2012: 134).

Жазба деректердегі материалдарға сүйенсек, асулар орналасқан таудың бірнеше атауы, сонымен қатар асулардың да атаулары кездесіп отыр. Қастек атауының шығу төркіні тіпті тереңдеп кеткенімен, нақты қандай мағына

беретіндігін зерттеушілер әртүрлі түсіндіреді. Ал, Ырғайты асуы туралы мәліметтер ежелгі және орта ғасырлардағы жазба деректерде кездеспейді. Осы екі тау асуының екі жағында да осы күнге дейін көптеген ескерткіштердің орны сақталғанына қарағанда, бұлар өте ертеден пайдаланылғанын көруге болады.

### Нәтижелер мен талдаулар

К.М. Байпақов Іле өңірінен шыққан керуен жолы Қастек немесе Қордай асулары арқылы Шу, одан Талас өңіріне өткен деп көрсетеді (Байпақов, 2013: 388).

Қастек асуы арқылы керуендер, болмаса көші-қон жасаған халықтар ертеден бастап өткен болса, Қордай асуы арқылы адамдар кейінгі ғасырларда өткенге ұқсайды. Дегенмен, Қордай ауылының тұсындағы немесе Қордай тауларынан асатын асудың болғандығы анық (2-карта).



2-карта – 1908 ж. карта. Жолдардың бағыттары мен Қордай және Қастек асулары берілген

Қастек асуы Қастек және Жетіжол тау жоталарының ортасын бөліп тұрған батысында Қарақоңыз, шығысында Қастек өзендерінің аралығында жатыр (1-сурет). Мұнда Қастек асуы арқылы тағы бір жол өткен. Ол таудың күнгей және теріскей бетіндегі өзендер бойымен жүрген. Бұл жолды ХІХ-ХХ ғ. басында жиі қолданғаны ХХ ғ. басында жасалған картаға да түсірілген (3-карта).

Қарақоңыз өзені сағасының тау шатқалының аузына дейінгі ұзындығы 40 км асады. Өзеннің орта ағысына келіп құятын шағын өзендердің бірінің бас жағындағы бұлақ көзіне жақын жерде бүгінде Керу ауылы орналасқан. Керу – кер етістігінің қимыл атауы (Қазақ әдеби., 2011: 666). Кер – бір нәрсенің тартып созу, жазу (Қазақ әдеби., 2011: 635). Жолдың ұзақ екенін «керу» сөзінен де байқауға болады.



1-сурет – Қастек асуы. Оңтүстік-батыстан көрінісі



3-карта – 1901 ж. карта. Жолдың бағыты мен Қастек асуы белгіленген

Қастек асуы арқылы өткен керуеннің бір бағыты туралы К.М. Байпақов пен А.Ә. Нұржановтың еңбегінде Навакаттан басталған керуен тармағы Буджикетке барып, одан әрі Қастек асуы арқылы өтіп, Іле Алатауының солтүстік бөктеріне жететіндігі айтылады (Байпақов, Нуржанов, 1992: 14).

Шу-Талас өңірлеріндегі орта ғасырлардағы керуен жолдарын зерттеген М. Елеуов өз еңбегінде Шу өңірінен Іле алқабына қарай өтетін

керуеннің екі бағытын жазған. Біріншісін, Шуды оң жағасымен жүрген жол Советское, Алмалы, Жіңішке елді мекендерінен өтіп, Шортөбеге келгенде оны Суябтан шығып Іле өңіріне қарай өтетін жол кесіп өткен деп берсе, екіншісін, Шу өзенінен жағалап солтүстік-батысқа қарай жүрген жол Қысмышы қаласынан, Ыстөбеден өтіп, Майбұлаққа келгенде жолды Навакеттен шығып Іле өңіріне қарай өткен жол кесіп өткен деп көрсетеді (Елеуов, 1998: 30). Екі жол да

Іле өңіріне қарай кеткендігі айтылғанымен, Іле өңіріне қай жерден, қай асумен өткендігі айтылмайды. Дегенмен, М. Елеуов Қарақоңыз өзені ағып шығатын шатқалдың аузындағы немесе сол маңайдағы барлық ортағасырлық ескерткіштерді тізіп бергеніне қарағанда, Қастек асуы арқылы өткендігін аңғару қиын емес.

Жазбаша деректерде кездесетін «Урду» (Материалы..., 1939: 185), «Урдакент» («Ордакент») қаласының орналасқан жері туралы Ә.Х. Марғұланның еңбегінен кездестіреміз. Ол жазбаша деректердің нұсқаулары бойынша, Ордакентті Шу өзенінің оң жағалауындағы алқапқа, Қастек асуына қарсы орналастырады. Оның қирандыларын қазір Жамбыл облысы Қордай ауданының Қарақоңыз дүнген ауылы ауданынан іздестіреді. Әскери бекіністер мен керуен-сарайлардың қирандыларын бірдей төртбұрышты конфигурацияға ие (төрткүл) екендігіне, біріншісі екіншісінен үлкен өлшемдерімен және қақпадағы бекіністерімен ерекшеленетіндігін айтып өтеді. Ежелгі жатақ қоныстарының қалдықтары, әлі күнге дейін архаикалық белгілерді – жоспарында дөңгелек немесе төртбұрышты пішінді болып келген деп жазады (Маргулан, 1950: 29). Ә.Х. Марғұлан айтып өткен осы ескерткіш бүгінде бұзылып кеткенге ұқсайды.

Махмұд Қашқаридің еңбегінде қала туралы былай деп жазылған: «урду – патшаның резиденциясы». Осында Қашғар қаласы урду канд деп аталады, яғни «патшалар тұратын қала». Урду «Баласағұн маңындағы патша резиденциясы». Баласағұнды куз урду деп те атайды» (ауд.: А.Е.) (Кашгари, 2005: 153).

Бүгінде Қастек асуы жолындағы шатқалдың тура алдында, Қарақоңыз өзенінің оң жағында Масанчи, ал сол жағасында Қаракемер ауылдары орналасқан. Жалпы, осы аймақта орналасқан ескерткіштерді зерттеуде зерттеушілер бірқатар ескерткіштерді атап өтеді.

1940 жылдары А.Н. Бернштам басқарған экспедиция зерттеу жұмыстары барысында орталығы Қысмышы қаласы болуы мүмкін ауылдар мен керуен сарайлардан Қарақоңыз, Дунгановка, Шортөбе және т.б. ескерткіштерді атап өтеді (Труды..., 1950: 27). Ортағасырлық Шортөбе қаласы, бүгінде Шортөбе деп аталатын ауылдың батыс жағында орналасқан. Ал, Қарақоңыз бен Дунгановка ескерткіштерінің орны нақты қайсы екендігі белгісіз болып отыр.

1986 жылы ҚазПИ-дің (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) археологиялық экспедициясы (А.Н. Марьяшев) Масанчи ауылы маңайынан

үш ортағасырлық құрылыс орнын, ал Қарақоңыз өзенінің сол жағасынан бір қоныстың орнын анықтайды (Свод памятников..., 2002: 190-192, №380-382, 395). Бүгінде бізге ауылдың оңтүстігінде орналасқан бір ғана құрылыс орны, ескерткіш белгілі болып отыр. Оның үстіне қазіргі заманның зираты түсіп кеткен. Ауыл көлемінде құрылыс салу ісі қарқынды жүргендіктен, қалған аталған ортағасырлық құрылыс орындары тұрғын үй салу барысында бұзылып кеткен болуы мүмкін.

Ауылдың оңтүстігіндегі ескерткіш А.Н. Бернштам айтып өткен Қарақоңыз болуы мүмкін. Себебі, ескерткіш Қарақоңыз өзенінің оң жағасынан 0,7 км жерде орналасқан. Бұл археологиялық құрылыс орнын бұрын Масаншы қонысы деп берген болатынбыз. Ескерткіштің үстінен жинап алынған материалдар VI–VIII ғғ. жатады (Ақымбек, 2017: 34-38).

2015 жылы ОҚКАЭ-ның Шу археологиялық отряды (Е. Ақымбек) Қарақоңыз өзенінің сол жағасынан ортағасырлық кірпіш күйдіретін пештің орнын анықтайды (Ақымбек, 2016: 134-139). Бірақ маңайынан ешқандай да басқа да құрылыс қалдықтары анықталмады.

Шатқалдың аузына жақын маңдағы бүгінде орны сақталған тағы бір ескерткішке Шығыс Жіңішке төрткүлін жатқызуға болады.

Шығыс Жіңішке өзенінің Қарақоңыз өзеніне ең жақын ағып өтетін тұсы батыста 1 км жерден өткен. Төрткүл 2-Күнбатыс ауылының батыс бөлігінде, адырдың үстінде орналасқан. Бұл ескерткішті 1979 жылы Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициялық тобы (К. Байбосынов) ашқан (Алипчиев, Байбосынов, 1982: 78, №154). Бұл ескерткіш М. Елеуовтің еңбегінде Жіңішке атауымен кездеседі (Елеуов, 1998: 30).

2018 жылы ОҚКАЭ-ның Шу археологиялық отряды ескерткіштің қазіргі жай-күйін анықтап, құрал арқылы топографиялық жоспарын түсіріп, әуеден суретін алып, оңтүстік-батыс бұрышына таман шурф салады (Ақымбек, 2018: 15-16) 1,2 м болатын мәдени қабатынан қыш бұйымдардың сынықтары мен жануарлардың қаңқа сүйек қалдықтары көп табылды. Керамикаларының арасынан сырлы ыдыстардың сынығы да шықты (Ақымбек, Шагирбаев, 2020: 23-30). Қазбадан шыққан ағаш көміріне Оттава университетінің А.Е. Лалонде атындағы Тездеткіш масс-спектроскопия зертханасында (Канада) радио көміртегі талдау жүргізіледі, нәтижесінде ескерткіштің өмір сүрген уақыты XI–XII ғғ. мерзімделетіні анықталды (1-кесте).



**1-кесте** – Шығыс Жіңішке төрткүлі.  
Ағаш көміріне жасалған радио көміртегі талдау нәтижесі

Код	Конвенционалдық жасы	±	F14C	±	Күнтізбелік жасы (б.д.д. – б.д.) (калибрлік)	Ескерткіш	Материал
JKaz-18	921	23	8917	00 026	1033-1164 (95.4%) cal AD	Шығыс Жіңішке төрткүлі	Ағаш көмірі

Шығыс Жіңішке төрткүлі Қарақоңыз қонысынан 5,4 км солтүстік-солтүстік-батыста, Қысмышы қаласынан 11 км солтүстік-шығыс-шығыста, Сортөбе қаласынан 11 км солтүстік-шығыста орналасқан. Төрткүлдің биікте орналасқанына қарағанда, керуен-сарай қызметімен қатар бақылау бекеті де болғанға ұқсайды. Керуен жолы қазіргі Масанчи ауылы маңайындағы немесе осы Шығыс Жіңішке төрткүлі арқылы Қарақоңыз шатқалымен жүріп

Қастек асуымен Іле өңіріне шыққан. Тауды асып өткен жол бүгінде Қастек шатқалының сол жағасында орналасқан Қастек-1 қаласына жетіп (Талеев, 2021: 237; Халидуллин, Нуржанов және басқ., 2011: 129-130), одан ары қарай кеткен (4-карта). Шу өзенінен өтетін өткел осы өзеннің оң жағасында орналасқан Сортөбе қаласының тұсында болған болуы мүмкін. Себебі, Шу өзенінің арнасы осы тұста жайылып ағады.



**4-карта** – Жолдың бағыттары мен асулары көрсетілген

Шығыс Жіңішке шатқалы арқылы, солтүстікке қарай таудың теріскей бетіне, Ақтерек және Архарлы төрткүлдеріне қарай өткен де болуы мүмкін. Бұл ескерткіштер туралы төменде айтатын боламыз.

Осы аймақтағы тағы бір ескерткіштің орны Қызылсай шатқалының аузында, бүгінгі Қызылсай ауылы аумағында орналасқан. Ескерткіш толығымен ауылдық құрылыс істері барысында бұзылып кеткен. Бірақ, ауылдың

мектеп орналасқан және соның маңайындағы үйлердің жерінен керамика сынықтары кездеседі. Ол Қысмышы қаласы орталығынан 7 км солтүстік-солтүстік-шығыста орналасқан. Ескерткішті 2015 жылы Шу археологиялық отряды анықтайды (Ақымбек, 2017: 38).

Келесі бір орта ғасырлардағы жол Жетіжол мен Атжайлау таулары аралығындағы Ырғайты жолы (2-сурет).

М. Елеуов Балқаш көлінің батыс жағынан шыққан жолдың оңтүстікке қарай кеткен бағытының белгілі бір бөлігін Шу-Іле таулары мен Атжайлау тауы аралығындағы тауаралық шатқалдармен Ырғайты өзеніне жетіп, онан әрі өзенді жағалап, Шөміш тауының батысындағы Шөміш өткелінде Шу өзенінен өткен, одан кейін Түрік қағанының мекені (Шөміш қаласы) арқылы Сарығ қаласына (Новопокровка) барғанда Түрік жолына қосылған деп жазады (Елеуов, 1998: 31).

«Абылай жолы» немесе «Хан жолы» туралы Нифантьев оңтүстікке қарай жүрген жол Қызылеспе, Қой жарылған, Хантау, Үш Кербұлақ, Аңырақай, Доланқара, Қопа, Рғайтақ, Кенелі арқылы Шуға шыққан деп жазады (Нифантьев, 1843).

Нифантьевтің еңбегінде керуен жолының таудан асатын бөлігінде Қопа, Ырғайты және Кенелі жер атаулары айтылып тұр. Нифантьевте берілген «Рғайтақты» М. Елеуов Ырғайты болуы мүмкін деп береді (Елеуов, 1998: 30). Қазіргі жер атауларымен беретін болсақ, керуен жол Қопадан шығып Ақтерекке келіп сол жерден Шығыс Ырғайты шатқалы арқылы Атжайлау тауының шығыс баурайын жағалап Батыс Ырғайты шатқалына қарай өткен. Батыс Ырғайты өзенін жағалап отырып Шуға түскенге ұқсайды. Дегенмен, бүгінде ұмыт қалғандықтан, Кенелі деген жер атауын анықтау мүмкін болмай тұр.

Аталған жолмен орта ғасырларда да керуендер өткен. Оны шатқалдардың аузындағы ортағасырлық ескерткіштер дәлелдейді. 2018 жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының археологиялық барлау тобы (Е.Ш. Ақымбек, М.С. Шагирбаев) таудың солтүстік тау алды жазықтығынан орта ғасырларға жататын Ақтерек және Архарлы төрткүлдерін анықтайды (Ақымбек, Шагирбаев, 2019: 119-123).

Ақтерек төрткүлі ауылдан 6,7 км солтүстік-батыста, егістік алқабында орналасқан. Көлемі 70×70 м, жал болып жатқан қабырғалары ауылшаруашылық жұмыстары барысында қатты бұзылып кеткен.

Ақтерек төрткүлінен шығысқа қарай 16,5 км жерде, егістік алқапта Архарлы төрткүлі орналасқан. Жанынан өзеннің құрғап қалған арнасы өткен төрткүлдің көлемі 95×95 м. Бұрыштары мен қабырғаларының ортасынан мұнара іздері байқалады.

Таудың солтүстік баурайына қарай өткен керуен жолы аталған төрткүлдер арқылы Күрті өзенін жағалап кеткен.

Шығыс Ырғайты шатқалынан Батыс Ырғайты шатқалына асқан (2-сурет) жол өзенді жағалай отырып, қазіргі Шарбақты, Ырғайты ауылдары аумағынан өтіп, ортағасырлық Қордай (Георгиевский) қаласына жеткен. Асудан Қордай қаласына дейін ортағасырлық ескерткіш анықталмағанымен, 2020 жылы барлау тобының жүргізген шолу жұмыстарында Ырғайты өзенінің бойында орналасқан Шарбақты ауылының ішіндегі ескі зираттың аумағынан орта ғасырларға жататын кірпіштің сынығын анықтайды. Қыш кірпіш сынығы табылған жер ортағасырлық Қордай қаласынан 25,5 км жерде орналасқан. Шу өзенінің сол жағасына қай тұстан өткендігін анықтау қиын. Жол өзеннен өтпей, Қысмышы жағынан келген жолға қосылып, Шудың оң жағасын жағалап төменгі ағысына қарай кеткен болуы да мүмкін. Қордай қаласынан бір күндік жолда, яғни 27 км қашықтықта Қақпатас қаласы (төрткүлі) орналасқан. Ескерткішті 2015 жылы ОҚКАЭ-ның Шу археологиялық отряды (Е.Ш. Ақымбек) анықтайды (Ақымбек, 2017: 48-49). Қаланың орталық бөлігі Шу өзенінен 0,6 км жерде тұр. Шу өзенінің арнасы осы тұста біршама жайылып ағады.

Қақпатас қаласынан Шу өңіріндегі ең үлкен қала – ортағасырлық Ақтөбе қаласы 28 км қашықтықта жатыр. Олай болса, Ақтөбе мен Қордай қалаларының дәл ортасында Қақпатас қаласы орналасқан. Ақтөбе қаласы Шудың сол жағынан келіп құятын Сарғау, Ақсу, Қарабалта өзендері аралығын алып жатқан үлкен ескерткіш. Ақтөбе Шу өңіріндегі ең ірі және көзе өндірісі дамыған қалалардың бірі (Klesner, Akymbek, Vandiver, 2021).

Сонымен, Қордай қаласынан шыққан жолдың бір бағыты Батыс және Шығыс Ырғайты шатқалдары арқылы Күрті өңіріне қарай өтсе (4-карта), екінші бір бағыты Батыс Ырғайты өзенін бойлап келіп, Атжайлаудың оңтүстігін жағалап қазіргі Кенен ауылы тұсынан шыққан секілді. Олай болса, екі асу да ежелгі және орта ғасырларда қарқынды қызмет атқарған.



2-сурет – Ырғайты асуы. Оңтүстік-батыстан көрінісі

### Қорытынды

Ежелгі және орта ғасырлардағы жазба деректерде, сонымен қатар жаңа және қазіргі заман жазбалары мен карталарында Тянь-Шань сілемдеріндегі таулар мен асулардың бірқатар атаулары кездесетіндігі белгілі болды. Ежелгі жазба деректерде Кетен тауы (қытайша атауын «Цзедань») кездессе, орта ғасырларда Урун-Арджу тауы, Кара-Қасмак пен Ясы (Джасы) асулары, Арджату тау асуы, Цзедань мен Көктөбе таулары айтылады. Зерттеушілердің келтірген мәліметтерін саралай келе «Урун-Арджу» атауындағы «урун» сөзін «ұзын», ал «арджу» немесе «арт» сөзін «асу» деп түсінсек, онда «ұзын асу» деген мағынаны білдіреді. Қазақ тілінде ұзын асу деген сөз тіркесі кездеспейді, дегенмен «ұзақ асу» немесе «биік асу» деп атайды. «Қара Қасмак» атауын «Қара Қастек» деп баламалайды. Бүгінде Суықтөбе тауының баурайындағы шатқал мен өзен Қастек деп аталады. Қара Қастек деп біршама төменірек жерді, нақтысы ауылды атайды. Қара Қастек сөзінің шығуын Албан тайпасының Қара қыстық руымен байланыстырған зерттеушілер де бар. Бірақ бүгінде қыстық руы Іле Алатауының шығыс сілемі Сөгеті тауы жағында тұрады. «Қастек» атауын бүгінде көпшілік «қыстақ» сөзінен келіп шыққан деп те айтады. Жалпы «Қара Қастек», жазба деректердегі «Қара Қасмак» сөзінің шығуы ежелгі дәуірден бастау алатыны

анық. Ежелде осы аймақты мекендеген үйсін тайпаларының атаулары да әртүрлі айтылады: ушин, усунь, у-сун, «у-суни = асиан», «усун» (usun), өсүн, а-сман, асман, асуын, ағсұн, асуын, асиен, орта заман қытай тілінде «uosuən», ал көне қытай тілінде «oswən». «Урун» және «Қасмак» атауларының шығуы осы үйсін атауымен тікелей байланысты болуы мүмкін. Себебі, үйсін тайпалары үлкен аймақты ала орналасқанымен, олардың орталығы Ыстық көл маңы деп есептесек, онда ежелден тау асуы арқылы екі жақ қатынасып отырған. Оның үстіне, «урун» мен «усун» сөздері, ал «қасмак» пен «асман» сөздері бір-біріне өте жақын. Мұндағы урунг – узун – усун сөздерінде негізінен бір әріп қана өзгерген. «Қара Қасмак» атауы үйсін тайпаларындағы «қара үйсін» тармағымен байланысты болуы да мүмкін. А.И. Левшиннің еңбегіндегі Усюн-Алатаг, яғни Үйсін Алатауы деп жазылуына қарағанда кейінгі кезге дейін таудың Үйсін аталғанын көруге болады. Олай болса, Алматы немесе Іле Алатауы бір кездері Үйсін Алатауы болып аталса, Қастек асуы Үйсін асуы деп аталған. Ал, Ырғайты атауы қандай мағына беретіні белгісіз, дегенмен ырғай деген бұта секілді өсімдіктің атауы да бар.

*Жұмыс №QR11465466 «Этномадени зерттеулер контекстіндегі Ұлы Дала» атты ғылыми жоба негізінде орындалды.*

## Әдебиеттер

- Ақымбек Е.Ш., Шағирбаев М.С. (2020). Шығыс Жіңішке төрткүлі // Мәдени мұра. Ғылыми журнал. №1. 23-30 бб.
- Ақымбек Е.Ш. (2018). Ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі есеп «Шу өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдер (топографиясы, стратиграфиясы, хронологиясы)» // Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының архиві, к. 11, т. 60, іс 3351, 76 б.
- Ақымбек Е.Ш. (2016). Ортағасырлық Сортөбе кірпіш күйдіретін пеші // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. №4(51). 134-139 бб.
- Ақымбек Е.Ш. (2017). Шу өңірінің ежелгі және ортағасырлық керамикасы (Қордай ауданы материалдары бойынша). – Алматы, 112 б.
- Ақымбек Е.Ш., Шағирбаев М.С. (2019). Алматы облысының оңтүстік-батыс жағында орналасқан ортағасырлық ескерткіштерге жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары // «Ақынжанов оқулары-2019» атты көрнекті археолог – Сержан Мұсағайұлы Ақынжановтың 80 жылдығына арналған жас ғалымдардың халықаралық археологиялық конференциясының жинағы. 16-17 қазан 2019 ж. Алматы, 112-131 бб.
- Алипчиев С., Байбосынов К. (1982). Свод памятников истории и культуры Джамбульской области. Джамбул, 208 с.
- Аристов Н.А. (1895). Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой орды и каракиргизов на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и о родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований. Санкт-Петербург: тип. С.Н. Худекова, [2], 96 с.
- Байпаков К.М. (2012). Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Алматы, Книга I. 390 с.
- Байпаков К.М. (2013). Урбанизация Казахстана во второй половине VIII – начале XIII в. / Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Алматы, Книга II. 516 с.
- Байпаков К.М., Савельева Т.В., Камалдинов И. (2020). Средневековые города Илийской долины (Северо-Восточное Жетысу-Семиречье) на Великом Шелковом пути в VIII–XIV вв. // Народы и религии Евразии. №3(24). С. 7-34.
- Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг К. (2005). Средневековые города и поселения Северо-Восточного Жетысу. 2-е изд., дополн. Алматы, 188 с.
- Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг К. (2002). Средневековые города и поселения Северо-Восточного Жетысу. Алматы, 212 с.
- Байпаков К., Нұржанов А. (1992). Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Қазақстан, 208 б.
- Бартольд В.В. (1963). Сочинения. Том 2. Часть 1. Общие работы по истории Средней Азии. Работы по истории Кавказа и Восточной Европы. Москва: Наука, 1024 с.
- Волин С.Л. (1949). Сведения арабских, персидских и тюркских источников IX–XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды Семиреченской археологической экспедиции (1936–1938 гг.) / Таласская долина. Алма-Ата, 229 с.
- Гафуров Б.Г. (1972). Таджики. Древнейшая, древняя и средневековая история. Москва: Наука, 664 с.
- Горячева В.Д. (1988). Город золотого верблюда. Фрунзе: Илим, 117 с.
- Дулати М.Х. (2003). Тарих-и Рашиди. – Алматы: М.Х. Дулати қоғамдық қоры, 616 б.
- Елеуов М. (1998). Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары (VI–XIII ғ. басы). Бірінші бөлім. Алматы: Қазақ университеті, 210 б.
- Жанузаков Т.Ж. (1980). Этюды о казахских этнонимах // Ономастика Средней Азии. – Фрунзе: Илим, Вып. 2. С. 16-24.
- Захириддин Б. (2011). Бабур-наме. Баку: Нагыл Еви, 272 с.
- Зуев Ю.А. (1957). К вопросу о взаимоотношениях усуней и канцзюй с гуннами и Китаем во второй половине I века до нашей эры // Известия АН КазССР. Серия истории, экономики, философии и права. Вып. 2(5). С. 62-72.
- Зуев Ю.А. (1960). К этнической истории усуней // Труды ИИАЭ. Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. Алма-Ата: АН КазССР, Том 8. С. 5-23.
- Зуев Ю.А. (1960). Китайские известия о Суябе. // Изв. АН Каз.ССР. Серия истории, археологии и этнографии. Вып. 3 (14). С. 87-96.
- Зуев Ю.А. (2002). Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. Алматы: «Дайк-Пресс», 338 с.
- Койчубаев Е. (1974). Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата: Наука, 275 с.
- Конкобаев К. (1980). Древнетюркская топонимия Южной Киргизии // Ономастика Средней Азии. Фрунзе: Илим, С. 170-184.
- Кюннер Н.В. (1961). Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. Москва: Восточная литература, 351 с.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. (2011). Он бес томдық. 7-том / Құраст.: Б. Момынова, Б. Сүйерқұлова, А. Фазылжанова және т.б. Алматы, Т. 7. Ж–К. 452 б.
- Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін) (1996). Төрт томдық. I том. Алматы: Атамұра, 544 б.
- ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 10-іс, 4-п.
- Левшин А.И. (1996). Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под общей редакцией академика М.К. Козыбаева). Алматы: Санат, 656 с.

- Мадиева Г.Б., Супрун В.И., Борибаева Г.А. (2019). Научная, народная и кабинетная этимология астионимов (на материале названий городов Республики Казахстан) // Вопросы ономастики. Т.16. № 3. С. 140–161.
- Марғұлан А.Х. (1950). Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата, 122 с.
- Материалы по истории киргизов и Киргизии. (1973). Москва: Наука, 280 с.
- Материалы по истории туркмен и Туркмении. (1939). Т. I. VII-XV вв. Арабские и персидские источники. Москва-Ленинград, 612 с.
- Махмуд ал-Кашгари (2005). Диван Лугат ат-Турк. Алматы: Дайк-Пресс, 1288 с.
- Настич В.Н. (2000). Алматы – монетный двор XIII века // Древности Поволжья и других регионов. Выпуск III. Нумизматический сборник. Том 2. Москва: ИПР «Информэлектрон», С. 257-266.
- Нифантьев. Топографическое описание южной части Киргизской степи. 1843 г. // Архив АН СССР. Ф. 317. Оп. 1. Д. 48.
- Омарбеков Т. (2017). Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен халықтар баяны. – Алматы: «Хантәңірі» баспасы, 342 б.
- Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан (2002). Жамбылская область. Алматы, 350 с.
- Талеев Д.А. (2021). Ортағасырлық Қастек қалашығы мен Қастек асуы жазба деректерде // Марғұлан оқулары – 2021: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 30 жылдығына арналған «Этноәдени зерттеулер контекстіндегі Ұлы Дала» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Алматы қ., 26-27 қазан 2021 ж.). 3 томдық. Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, Т. 3. 236-243 бб.
- Труды Семиреченской археологической экспедиции «Чуйская долина» (1950). / Материалы и исследования археологии СССР. Москва-Ленинград, №14. 158 с.
- Умняков И. (1940). Тохарская проблема // Вестник древней истории (ВДИ). №3-4. С. 181-193.
- Халидуллин Ф.Қ., Нұржанов А.Ә., Меңлібаев Ф.А., Ақымбек Е.Ш., Кәдіров Ә.Қ. (2011). Ұлы Жібек жолындағы Жетісу өңірінің ортағасырлық Қастек-1 қаласы (VI–XIII ғғ.) // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. №3(30). 129-135 бб.
- Vaipakov K.M. (1997). Silk Road: Cultural Contact of the countries and peoples // Comparative Korean Studies. Seoul, P. 61-66.
- Klesner, C.E., Akymbek, Y., Vandiver, P.B. (2021). Lead-glazing technology from Medieval Central Asia A case study from Aktobe, Kazakhstan // Journal of Archaeological Science: Reports, Volume 36, April 2021, 102825. <https://doi.org/10.1016/j.jasrep.2021.102825>

## References

- Akymbek E.Sh., Shagirbaev M.S. (2020). Shgys Zhinishke tortkuli [Shgys Zhinishke tortkul]. Cultural heritage. Scientific journal. No. 1. pp. 23-30.
- Akymbek E.Sh. (2018). Gylymi-zertteu zhumysy zhonindegi esep «Shu onirindegi ortagasyrlyk tortkulder (topografiyasy, stratigrafiyasy, hronologiyasy)» [Medieval tortkuls in the Shu region (topography, stratigraphy, chronology)]. Archive of the Institute of Archaeology named after A.H. Margulan, 11, vol. 60, case 3351, p. 76.
- Akymbek E.Sh. (2016). Ortagasyrlyk Sortobe kirpish kuidiretin peshi [Medieval brick kiln Sortobe]. Bulletin of the Abai Kazakh National Pedagogical University, “Series history and political and Social Sciences”. No. 4(51). pp. 134-139.
- Akymbek E.Sh. (2017). Shu onirinin ezhelgi zhane ortagasyrlyk keramikasy (Kordai audany materialdary bojnsha) [Ancient and medieval ceramics of the Shu region (based on the materials of the Kordai district)]. Almaty, Institute of Archaeology named after A.H. Margulan. 112 p.
- Akymbek E.Sh., Shagirbayev M.S. (2019). Almaty oblysynyn ontustik-batys zhagynda ornalaskan ortagasyrlyk eskertkishterge zhurgizilgen arheologiyalyk barlau zhumystary [Archaeological exploration of medieval monuments located in the south-western part of Almaty region]. Collection of the international archaeological conference of young scientists dedicated to the 80th anniversary of the outstanding archaeologist – Serzhan Musatayevich Akynzhanov “Akynzhanov readings – 2019”. October 16-17, 2019 Almaty, pp 112-131.
- Alipcheev S., Baibosynov K. (1982). Svod pamyatnikov istorii i kultury Dzhambul'skoi oblasti [A set of historical and cultural monuments of the Dzhambul region]. Dzhambul, Dzhambul Museum of Local History. 208 p.
- Aristov N.A. (1895). Opyt vyasneniya etnicheskogo sostava kirgiz-kazakov Bolshoi ordy i karakirgizov na osnovanii rodoslovnnykh skazanii i svedeniy o sushchestvuyushchih rodovykh deleniyah i o rodovykh tamgah, a takzhe istoricheskikh dannykh i nachinayushchihsya antropologicheskikh issledovaniy [The experience of elucidating the ethnic composition of the Kirghiz Cossacks of the Great Horde and the Karakirgiz on the basis of ancestral legends and information about existing tribal divisions and tribal tamgas, as well as historical data and incipient anthropological research]. St. Petersburg: S.N. Khudekova type, [2], 96 p.
- Baypakov K.M. (2012). Ancient and medieval urbanization of Kazakhstan (based on the research materials of the South Kazakhstan complex archaeological Expedition) [Drevnyaya i srednevekovaya urbanizaciya Kazahstana (po materialam issledovaniy Yuzhno-Kazahstanskoi kompleksnoi arheologicheskoi ekspedicii)]. Almaty, Book 1. 390 p.
- Baypakov K.M. (2013). Urbanization of Kazakhstan in the second half of the XIII – beginning of the XIII century / Ancient and medieval urbanization of Kazakhstan (based on the research materials of the South Kazakhstan complex archaeological expedition)

[Urbanizatsiya Kazahstana vo vtoroj polovine VIII – nachale XIII v. / Drevnyaya i srednekovaya urbanizatsiya Kazahstana (po materialam issledovaniy Yuzhno-Kazahstanskoi kompleksnoi arheologicheskoi ekspeditsii)]. Almaty, Book II. 516 p.

Baypakov K.M., Savelyeva T.V., Kamaldinov I. (2020). Srednekovyye goroda Ilijskoi doliny (Severo-Vostochnoe Zhetysu-Semirech'e) na Velikom Shelkovom puti v VIII–XIV vv. [Medieval cities of the Ili Valley (North-Eastern Zhetysu-Semirechye) on the Great Silk Road in the XIII–XIV centuries]. Nations and Religions of Eurasia. No. 3(24). pp. 7-34.

Baypakov K.M., Savelyeva T.V., Chang K. (2005). Srednekovyye goroda i poseleniya Severo-Vostochnogo Zhetysu [Medieval towns and settlements of Northeastern Zhetysu]. 2nd ed., supplement. Almaty, 188 p.

Baypakov K.M., Savelyeva T.V., Chang K. (2002). Srednekovyye goroda i poseleniya Severo-Vostochnogo Zhetysu [Medieval towns and settlements of Northeastern Zhetysu]. Almaty, 212 p.

Baypakov K., Nurzhanov A. (1992). Uly Zhibek zholy zhane ortagasyrlyk Kazakstan [The Great Silk Road and medieval Kazakhstan]. Almaty: Kazakhstan, 208 p.

Bartold V.V. (1963). Sochineniya. Tom 2. Chast 1. Obshchie raboty po istorii Srednei Azii. Raboty po istorii Kavkaza i Vostochnoi Evropy [Essays. Volume 2. Part 1. General works on the history of Central Asia. Works on the history of the Caucasus and Eastern Europe]. Moscow: Nauka, 1024 p.

Volin S.L. (1949). Svedeniya arabskikh, persidskikh i tyurkskikh istochnikov IX-XVI vv. o doline reki Talas i smezhnykh raionakh [Information from Arab, Persian and Turkic sources of the IX-XVI centuries. about the Talas River Valley and adjacent areas]. Proceedings of the Semirechensk archaeological expedition (1936-1938) / Talas Valley. Alma-Ata, 229 p.

Gafurov B.G. (1972). Tadzhiki. Drevneishaya, drevnyaya i srednekovaya istoriya [Moscow: Nauka, 664 p.].

Goryacheva V.D. (1988). Gorod zolotogo verblyuda [The City of the Golden Camel]. Frunze: Ilim, 117 p.

Dulati M.H. (2003). Tarih-i Rashidi [History and Rashidi]. Almaty: M.H. Dulati public Foundation, 616 p.

Eleuov M. (1998). Shu men Talas onirlerinin ortagasyrlyk kalalary (VI–XIII g. basy) [Medieval cities of the Chu and Talas regions (VI–early XIII centuries)]. Almaty: Kazakh University, 210 p.

Zhanuzakov T.J. (1980). Etyudy o kazahskikh etnonimakh [Etudes about Kazakh ethnonyms]. Onomastics of Central Asia. Frunze: Ilim, Vol. 2. pp. 16-24.

Zahiriddin B. (2011). Babur-name [Babur-nameh]. Baku: Nagyl Evi, 272 p.

Zuev Yu.A. (1957). K voprosu o vzaimootnosheniyah usunej i kanczyui s gunnami i Kitaem vo vtoroi polovine I veka do nashey ery [On the question of the relationship of the Wusuns and Kangju with the Huns and China in the second half of the I century BC]. News of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. A series of history, economics, philosophy and law. Issue 2(5). pp. 62-72.

Zuev Yu.A. (1960). K etnicheskoi istorii usunei [Towards the Ethnic History of the Usuns]. Proceedings of the Institute of the History of Archeology and Ethnology. New materials on the ancient and medieval history of Kazakhstan. Alma-Ata: Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Volume 8. pp. 5-23.

Zuev Yu.A. (1960). Kitaiskie izvestiya o Suyabe [Chinese news about Suyaba]. News of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. A series of history, archeology and ethnography. Issue 3 (14). pp. 87-96.

Zuev Yu.A. (2002). Rannie tyurki: ocherki istorii i ideologii [Early Turks: Essays on history and ideology]. Almaty: “Dyke-Press”, 338 p.

Koichubaev E. (1974). Kratkii tolkovyi slovar toponimov Kazahstana [A short explanatory dictionary of toponyms of Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka, 275 p.

Konkobaev K. (1980). Drevnetyurkskaya toponimiya Yuzhnoi Kirgizii [Ancient Turkic toponymy of Southern Kyrgyzstan]. Onomastics of Central Asia. Frunze: Ilim, pp. 170-184

Kuner N.V. (1961). Kitaiskie izvestiya o narodakh Yuzhnoj Sibiri, Centralnoi Azii i Dalnego Vostoka [Chinese news about the peoples of Southern Siberia, Central Asia and the Far East]. Moscow: Oriental Literature, 351 p.

Kazak adebi tilinin sozdigi. (2011) [Dictionary of the Kazakh literary language]. Fifteen volumes. Volume 7 / comp.: B. Momynova, B. Suyarkulova, A. Fazylzhanova and others. Almaty, Vol. 7. zh–K. 452 P.

Kazakstan tarihy (Kone zamannan buginge dein) (1996) [History of Kazakhstan (from ancient times to the present) (1996)]. In four volumes. Volume I. Almaty: Atamura str. 544 p.

Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. 44-P., 1-T., 10-Case, 4-p.

Levshin A.I. (1996). Opisanie kirgiz-kazachih, ili kirgiz-kajsackih, ord i stepei (pod obshchei redaktsiei akademika M.K. Kozybaeva) [Description of the Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-Kaysak, hordes and steppes (under the general editorship of academician M.K. Kozybaev)]. Almaty: Sanat, 656 p.

Madieva G.B., Suprun V.I., Boribayeva G.A. (2019). Nauchnaya, narodnaya i kabinetnaya etimologiya astyonimov (na materiale nazvaniy gorodov Respubliki Kazahstan) [Scientific, folk and cabinet etymology of astyonyms (based on the material of the names of cities of the Republic of Kazakhstan)]. Questions of Onomastics. Vol. 16. No. 3. pp. 140-161.

Margulan A.H. (1950). Iz istorii gorodov i stroitel'nogo iskusstva drevnego Kazahstana [From the history of cities and the construction art of ancient Kazakhstan]. Alma-Ata, 122 p.

Materialy po istorii kirgizov i Kirgizii (1973). [Materials on the history of the Kyrgyz and Kyrgyzstan]. Moscow: Nauka, 280 p.

Materialy po istorii turkmen i Turkmenii. (1939). [Materials on the history of Turkmen and Turkmenistan]. T. I. VII-XV centuries. Arabic and Persian sources. Moscow-Leningrad, 612 p.

Mahmud al-Kashgari (2005) [Mahmoud al-Kashgari]. Divan Lugat at-Turk. Almaty: Dyke Press, 1288 p.

Nastich V.N. (2000). *Almaty – monetnyj dvor XIII veka [Almaty – Mint of the XIII century]*. Antiquities of the Volga region and other regions. Issue III. Numismatic collection. Volume 2. Moscow: IPR “Informelectro”, pp. 257-266.

Nifantiev (1843). *Topograficheskie opisanie yuzhnoj chasti Kirgizskoj stepi [Topographic description of the southern part of the Kyrgyz steppe]*. Archive of the USSR Academy of Sciences. F. 317. Op. 1. d. 48.

Omarbekov T. (2017). *Kazak memleketi: kaganattar, ulystar men halyktar bayany [Kazakh state: history of khaganates, uluses and peoples]*. Almaty: Publishing House “Khantaniri”, 342 p.

*The Code of historical and cultural monuments of the Republic of Kazakhstan (2002) [Svod pamyatnikov istorii i kul'tury Respubliki Kazahstan]*. Zhambyl region. Almaty, 350 p.

Taleev D.A. (2021). *Ortagasyrlyk Kastek kalashygy men Kastek asuy zhazba derekterde [Medieval settlement of Kastek and kastek pass in written sources]*. Margulan readings-2021: Materials of the international scientific and practical conference “The Great Steppe in the context of ethno-cultural studies”, dedicated to the 30th anniversary of independence of the Republic of Kazakhstan and the 30th anniversary of the Institute of Archaeology named after A. H. Margulan (Almaty, October 26-27, 2021). In 3 volumes. Almaty: Institute of Archaeology named after A.H. Margulan., Vol. 3. pp. 236-243.

*Proceedings of the Semirechensk archaeological expedition “Chuiskaya Dolina” (1950) [Trudy Semirechenskoi arheologicheskoi ekspedicii «Chujskaya dolina»]*. Materials and research of archeology of the USSR. Moscow-Leningrad, No. 14. 158 p.

Umnyakov I. (1940). *Toharskaya problema [The Tocharian problem]*. Bulletin of Ancient History (BAH). No. 3-4. pp. 181-193.

Khalidullin G.K., Nurzhanov A.A., Menlibayev G.A., Akymbek E.Sh., Kadirov A.K. (2011) [Uly Zhibek zholyndagy Zhetisu onirinin ortagasyrlyk Kastek-1 kalasy (VI–XIII gg.)]. Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University, Series” history and political and Social Sciences”. №3(30). pp. 129-135.

Baipakov K.M. (1997). *Silk Road: Cultural Contact of the countries and peoples // Comparative Korean Studies*. Seoul, P. 61-66.

Klesner, C.E., Akymbek, Y., Vandiver, P.B. (2021). *Lead-glazing technology from Medieval Central Asia A case study from Aktobe, Kazakhstan // Journal of Archaeological Science: Reports*, Volume 36, April 2021, 102825.